

**«Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ-нің
2025-2026 оқу жылындағы**

Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспары бойынша атқарылған жұмыстар есебі


2025–2026 оқу жылында мектептің Қамқоршылық кеңесі өз жұмысын Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа ала отырып жүргізді. Кеңестің негізгі мақсаты – білім беру ұйымының қызметіне қоғамдық қолдау көрсету, мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайту, оқушыларға қолайлы орта қалыптастыру және тәрбиелік жұмыстардың сапасын арттыру болды.

Жылдық жоспарға сәйкес Қамқоршылық кеңесінің отырыстары уақытылы өткізіліп, онда мектептің оқу-тәрбие үдерісіне қатысты маңызды мәселелер қаралды. Кеңес мүшелері мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, оқушылардың қауіпсіздігі, материалдық-техникалық базаны нығайту, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету бағытында жұмыстар атқарды. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында Қамқоршылық кеңесінің мүшелері әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларға демеушілік көмек көрсетті. Мерекелік көңіл күй сыйлау мақсатында оқушыларға тәттілер мен жаңа жылдық сыйлықтар тарту етілді.

Аталған қайырымдылық шарасы балаларға қуаныш сыйлап қана қоймай, мейірімділік пен қамқорлықтың маңызын арттыруға ықпал етті. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері әрбір баланың мерекені көтеріңкі көңіл күймен қарсы алуына жағдай жасап, оқушылар мен ата-аналардың алғысына бөленді.

Оқу жылы барысында мектепте өткен түрлі мәдени-көпшілік, патриоттық, спорттық іс-шараларға қолдау көрсетілді. Атап айтқанда, мерекелік концерттер, «Жас сарбаз» байқауы, сенбіліктер, «Таза Қазақстан» акциясы, ағаш отырғызу челленджі, сыныптан тыс тәрбиелік шаралар ұйымдастырылып, оқушылардың белсенді қатысуына жағдай жасалды. Әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың балаларына қажетті көмектер ұйымдастырылды. Сонымен қатар оқушылардың жазғы демалысын тиімді өткізу, қауіпсіздігін сақтау мәселелері де назардан тыс қалған жоқ. Қамқоршылық кеңесі мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту бағытында ата-аналармен кездесулер өткізіп, ұсыныс-пікірлерді назарға алып отырды. Кеңес мүшелері мектеп өміріне белсенді араласып, білім сапасын арттыруға және тәрбие жұмысының тиімділігін күшейтуге өз үлестерін қосты.

Жалпы, 2025–2026 оқу жылында Қамқоршылық кеңесі жылдық жоспарға сәйкес жүйелі жұмыс жүргізіп, мектептің дамуына, оқушылардың жан-жақты білім алып, тәрбиеленуіне оң ықпал етті.

ДТІЖО  Олжабек С.Имантаева А.К